

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

**A 13**

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**Ғылыми-редакциялық кеңес:**

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,  
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының  
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

**Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

**Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

**Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

**Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

**A 13      Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

**ISBN 978-601-04-1283-5**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

**Әуелбек Қоңыратбаев**

## **АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ**

XIX ғасырдың екінші жартысында туған қазақтың жаңа жазба әдебиетінің атасы, үлкен ойшыл-ағартушысы – Абай Құнанбаев. Ол – қазақ әдебиетінің атасы, ұлы ойшыл ғана емес, ұлттар дос-тығын ерте бастап, қазақ даласының Ресейге қосылуын кімнен де болса келелі етіп жырлаган ағартушы, коркем сөздің тәндесі жок шебері. Абайды біз поэзияда корінген тұңғыш ағартушы дейміз. Бұл реттен оның есімі Шоқан, Ыбырайлармен қатар тұрады.

Өз кезеңі үшін ағартушылық поэзияның туузы зор жаңалық болды. Орыс мәдениетін жырлау Ыбырайда да болатын. Бірақ Абай сол идеяны бір ғана өнер-білім түрінде емес, бүкіл ұлттық поэзияның арқауы – мазмұны етіп, ағартушылықпен қатар қазақ әдебиетіне сыншыл реализм әдебиет үлгісін енгізді. Поэзияны ол тек өлең деп қараған жок, рухани өмірдің ағын дариясы, өмірлік тілі, мұқтажы деп білген. Осы ретпен ол қазақ поэзиясындағы сатираға зор жаңалық енгізді. Сондықтан да біз Абайды XIX ғасырдың екінші жартысында туған ұлы ойшыл, өз шығармаларына әлеумет тенсіздігін, ескі бағыттардың бәрін бірлестіріп, жаңа арнаға салған ойшыл болды дейміз.

Абайтану. Абай Құнанбаевтың шығармашылық кезеңін біз негізінен екіге бөлеміз: а) 1845-1885, ә) 1886-1904 жылдар арасы. Бір кездері ақынның творчествосын зерттеушілер оның алғашқы кезеңін шығыс әдебиетінің әсерімен байланыстырып, екінші дәуірді озат идеялы орыс әдебиетінің үлгісімен шынығып, Абайдың шын мәніндегі ақын, ойшыл, ағартушы болған кезі деп бағалады. Кейбір әдебиет зерттеушілері 1934 жылға дейін Абайдың әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына шығыс әдебиеті көбірек әсер етті деген пікір айтумен келеді. Абайдың жас кезіндегі тәрбиесінде шығыс әсері болмады демейміз. Оны «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында М. Әуезов те жазған болатын. Бір созінде ол: «Абай жасында шығысқа еліктеуден бастайды... Өмірінің ақырына дейін осы жағадан қол үзбейді»<sup>1</sup>, – деп мы-

<sup>1</sup> «Әдебиет майданы» журналы. – 1934. – № 11-12. – 15-6.

сал ретінде «Масғұт», «Ескендір», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген шығармаларын келтіреді. Одан өрі М. Әуезов Абайды Ша набуддин Маржани, Ысмайыл Гаспринский сияқты тұлғаларға жақындалады.

Абайтану мәселесінде көп уақыт орын алып келген үлкен бір кемшілік – ақынның шығысқа қатысын «құні біткен», «кертартапа» құбылыс ретінде бағалау болды. Абайдың шығысқа қатысты шығармаларын теріс үғындырып, мәселені қоюлата берудің бергені аз. Оны біз көбіне С. Нұрышев мақалаларынан байқауышы едік.

XIX ғасырдың екінші жартысында, өсіреле 80-жылдары Абай орыс әдебиетіне бет бұрады. Сөйтіп, орыстың Михаэлис, Долгополов, Гросс сияқты өркениетті адамдарының өсерімен үлкен ойшыл, ақын болып жетіледі. Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің өзі де орыс мәдениетінің өсерімен туып, көмелетке жеткен еді.

Абайдың ақындық өнеріне қатысты ғылым 1923 жылдан басталған еді. Сол кезден бастап 1935 жылға дейін әдебиет зерттеушілері Абайды әртүрлі толғап келді. С. Мұқанов өзінің «Қара тақтайға жазылмандар, шешендер»<sup>2</sup> атты мақаласында Абайды үлттық буржуазия көсемі ретінде түсіндірмекші болған үлтшылдарға қарсы тұрып, бірақ өзі де Абайға төрт құбыласы тең баға бере алмады. Автор Шоқан, Үбырай, Абай үшеуін феодалдар табының ақыны, олардың шыққан тегі бізге жат деп, үшеуінің өлеуметтік көзқарасын дәл танудың орнына, социология жолымен сынаржақ түсінді. Абай жайында болған 1934 жылғы әдеби пікірталаста да жұрт ақынды жете түсіне қоймады. Басым көпшілігі ескі көзқараста қалып, ақынның таптық негізін үстем өңгімеледі. Бұл айтысқа М. Әуезов, М. Сильченко, Қ. Жұбанов, Әлібек Қоңыратбаев, Ә. Мөметова сияқты басқа да көптеген әдебиетшілер қатысқан еді. Оның абайтану ғылымына тигізген зор пайдалы болды.

«Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында М. Әуезов: «Шынында, Абай феодал ішіндегі либерал топтың уәкілі... феодалдан буржуазиялық топқа қарай бой ұра бастаған топ-

<sup>2</sup> Мұқанов С. Қара тақтайға жазылмандар, шешендер // «Еңбекші қазақ». – наурыз. – №69. – 1923.

тың басы сияқты болды» («Әдебиет майданы». – №11-12. – 1934. – 16-б.), – деп жазған еді. Бұл пікірде Абай мұрасы төңірегінде жиырмасыншы жылдары айтылған көзқарасты қайталау сарыны болды. Ақыры Абай төңірегінде пікірталас екі түрлі ғылыми көзқарасқа келіп тірелді: олардың бірі Абайды буржуазия идеологы десе (бұл пікірді алғаш айтқан F. Тоғжанов болатын), екінші – кертарапта феодал табының ақыны дейді. Абай патриархалдық руқауымының күні откен ақыны деп шатасқандар да болды.

«Абай туралы пікірлер» («Әдебиет майданы». – №1-2. – 1935) деген мақаласында Б. Кенжебаев: «Асылында, тереңдеп қарағанда Абайдың феодал табының ақыны екені айқын», – дейді. Бұл сөзіне дәлел ретінде Абайдың «сарыуайымшылдық» рухтағы кейір өлеңдерін алады.

Ә. Мөметова болса өзінің «Абай – кезеңінің дана ақыны» («Әдебиет майданы». – №11-12. – 1934) атты мақаласында: «Абайдың тілегі жеке бір таптың тілегі емес, көптің тілегі», Абай заманында «казақтың таптық айырмашылығын дәлелдеп, айқындал, айырып беру өте қын болған» деп жазады. Бұл пікір Абайдың тұлғасы мен көзқарасына біршама жақын келеді. Өйткені Абай феодал табынан шықса да, халықтың демократиялық тобының, қара шаруаның мұддесін көздеді.

Абайдың заманы туралы көбірек қалам тартып жүрген әдебиетшілердің бірі – М. Сильченко. Ол «Абайдың реализмі» («Әдебиет майданы». – №11-12. – 1934) деген мақаласында: «Абайдың заманы ескінің құлап, қирап, жаңаңың өлі өсіп, дамып жетпеген дәүірі, өткінші кезең болды», – деп дүрыс көрсетеді. Бұл реттен Абайдың заманы, оның көзқарасындағы қайышылтықтар 1861 жыл мен 1905 жылдар арасындағы өткінші дәуірдегі екі жақты қанауға түсken патриархалдық шаруамен байланысты.

Шоқан мен Ыбырай тұсында капитализм қазақ даласына толық ене қоймаған болса, Абай тұсында 1868 жылғы реформа нәтижесі толығымен іс жүзінде көрінеді. Шаруа жіктеліп, бай, орташа, малсылыз кедейлерге болінеді. Ауылда арзан жұмыс қолы жасалып, феодалдық жөне капиталистік қанау кедей шаруалардың шымбайына әбден батады. Сол тұста шығып тұрған «Русская жизнь» (№279. – 1893) газеті де қазақ арасында сауда мен ақшаның күшегенін, ауру-сырқаудың көбейгенін, жаңа капиталистік мемлекеттік орнаменттердің көрінісін көрді.

листік қанау елді жұтатып отырғанын айтады. Сол санында газет қазақ даласына орналасқан орыс көлімсектерінің өсерімен қазактардың арасынан құлақтар шығып, жаппай кедейлену күшейеді. Олар саудагерлерден қарыз ақша алған, қойларын арзанға береді дейді.

«Судьбы киргизского народа» («Восточное обозрение». – №28. – 1889) атты тағы бір мақалада 1870-1889 жылдар арасында Сібір қазақтары 9,5 миллион гектар жерінен айырылды және 1880 жылғы жұт малға жайлы тимеді. Ағылған аш қазақтар Омск, Семей, Петропавловск маңында шұбырып жүр деп көрсетеді. Олар тамақ үшін қандай еңбек болса да істеуге дайын дейді. Сол жылы Кіші жүз қазақтары да Орынбор, Самар маңында шұбырып барған. Сол мақалада А.Е. Алекторов ауылда жатақ туды, олар бір тілім нанға еңбегін сатады. Аштық, ауру көп, ауылшаруашылығымен айналысқан кедей жатақтардың еңбегін ру басылар, құлақтар жеп жатыр дейді. Қазақтың ішінен жұмысшы қолының мол шыққанын Астрахань жағы да дәлелдейді. 1879 жыл Басқұншақ тұз кенінде 899 қазақ, 1263 орыс жұмыс істеген. 1883 жылы осыдан 70 орыс қана қалып, қазақтар саны көбейе түсken. Бір мың пүт тұзға 8 сом ақша алған. Олардың аяқтары жарылып, өлім көбейген.

1881 жылдан бастап Қазақстанның барлық жерінде отырықшылыққа өту мейлінше күшейеді. Бұл құбылыс Торғай жағынан көбірек байқалады. Капитализм қайшылығы өзінің қанды тырнағымен шаруаны көнірдегінен қысады. Абайдың бір көргені – осы.

Ақшаның күшеюі енбекті арзандатады. Патшаның салық саясаты да шаруаға өте тиімсіз болды. Үлкен феодалдар, хан тұқымдары салықтан босап, барлық саудагерлер де салықтан жеңілдік алды. Штат сайлауы ел арасында алауыздықты, барымта мен паракорлықты күшайте түсті. Торғай облысында арғындар мен қыпшактар арасындағы барымтандың шегі болмайды. 1888-1891 жылдар арасында Торғайда 2440 рет мал барымтасы болған. Старшындық, болыстық параға сатылған. Кім бай болса, сол болыс, би, старшын болады. Абай сынайтын би, болыстар 1868 жылғы реформа тудырған капиталистік дүниенің жаңа адамдары болды. Шельгунов болыс сайлауына барған ұлық хатшылары 5-15 мың сомға дейін пара алып қайтқан дейді. Молда, қожаның

алымы мен билігі де қүшейе түседі. Патша өкіметі бұратана елдердің мәдениетке икемделуіне бөгет жасады. Қазақтың еңбекші бұқарасын бай-құлақ, би-болыс, молда-қожа және ұлықтардың табанына салып береді. Дәл осындай кезеңде орыс халқының озат ойшылдарына қол жалғап, орыс және қазақ халқының достығын аңсап, бүкіл ескілікке қарсы жалғыз алышқан адам Абай болды. Ол өмірден бір үйренсе, орыстың демократ-ойшылдарынан тағы да оқиды.

Сол тұстагы Америка саяхатшысы Кеннан «Сибирь и ссылка» (СПб., 1906) деген кітабында Абайды Дрепер Миль кітаптарын оқытын қазақтың оқымысты шалы деп бағалаған. Абай Михаэлис арқылы Пушкин, Лермонтов, Толстой, Некрасов, Салтыков-Щедрин, Тургенев, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писарев шығармаларымен танысқан. Чернышевскийдің еңбектерін «Современник» журналының бетінен оқып тұрган. Абай көбіне орыстың демократтарынан үйренген.

Абайдың қазақ өдебиетіндегі орнын, өдебиетте қолданған өдісін танып алмай, оның шығармаларына баға беру қын. Абай көбіне өлең жазған. Поэзияда ол Ыбырайдан соң реализм туын үстап шығады. Бірақ олар бір-бірін білген емес. Абайдың есken заманы да басқа, ол капитализмің дамыған кезеңі еді. Сондықтан Абай реализм өдісіне өзінше келеді. Поэзияда халық тілін қолданып, реализм өдісіне табан тіреуі ақынның халықтығының белгісі болды. Орыс өдебиетіндегі Пушкин, Гоголь мектебі де осылай басталған. Белинский өзінің «Поэзияның түр жөнө жанрға бөлінуі», «1847 жылғы орыс өдебиетіне көзқарас», «Гогольге хат» сияқты еңбектерінде «көркемөнер – көркемөнер үшін» дейтін идеалистік эстетикаға қарсы тұрып, өмірден тыс тұрган өнер жоқ, «өнер дегеніміз – шындықтың корінісі» дейді.

Бұл – материалистік эстетика жолы. Көркемөнердің маңызы, қызметі мен жаратылышы жайындағы ғылымды эстетика дейміз. Гегельдің идеализмінс құйенген буржуазия өкілдері айналадағы шындық пен өмір идеяның көлеңкесі десе, Белинский идея да, өнер де айналадағы болмыстың көрінісі, болмыс – бірінші, идея, өнер – екінші. Өдебиет те, өнер де қоғамға қызмет істеуі керек. Әр дәүірдің өз талаптары бар, өдебиет сол талаптарға жауап іздейді. Бұл талаптар халықтың прогресті істеріне болысуға тиісті.

Көркемнәрдің еркіндігі де, халықтығы да осында дейді. Сөйтіп, Белинский реализм мен өдебиеттің халықтығын бір жерден шығарады.

Өзінің «Эстетические отношения к действительности» (1855), «Очерки гоголевского периода русской литературы», «Критический взгляд на современные эстетические понятия» деген еңбектерінде Чернышевский Белинскийдің реалистік эстетикасын дамыта тұсті.

Абайдың қазақ өдебиетіне енгізген жаңалығының бірі – осы реалистік эстетика. Алғашқыда ол реализмге бастап, 1898 жылдары Салтыков-Щедрин ізіндегі үлкен сатирик болды. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңдері бір кездері айтылғандай өдебиеттегі формализмнің, яғни өлеңді қалай жазудың техникасы емес, реалистік эстетиканың программалық ұраны болды. Ақын поэзияны прогресске қызмет істейтін болсын. Бұл үшін өдебиетке қаны толық реализм керек дейді. Осы мақсат жүзеге асу үшін қаламгер де, тындаушы да жаңауруға тиіс.

Айтушы мен тындаушы көбі надан,  
Бұл жүргүттың сөз танымас бір парасы, –

деген жерде ақын жаңа оқырман үшін күреседі.

Абай діни поэзияны, одалық өлең стилін, батырлар мен сұлу қыздарды суреттейтін, өмірдің бүгінгі міндетінен алшақ түрған жырлардан көрі реализмді үндейді. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Аттың сыны» дейтін өлеңдерінде Абай реализм өдісімен портрет жасаудың үлгісін көрсетеді. Реализмде сын да болады. Ақын қыздың жанды келбетін шебер суреттей отырып, оның феодалдық ортаға байланысты мінез-құлқындағы кемшілігін де сынайды. Ал поэзиясы жөніндегі пікірлері реализмнің негізін салу, өзінің тұрғыластарын реализмге шақыру шарасы болды. Абай поэзияның қоғамды өзгертуші қызметін алға қояды. Өлеңнің түрі мен ішкі мазмұн бірлігіне де айрықша мән береді.

Іппі алтын, сырты күміс сөз жақсысын,  
Қазақтың келістіреп қай баласы, –

деген жерде соны аңғарсақ керек. Тұр мен мазмұн байлығы Абайдада орасан биік, классикалық дәрежеге жеткен.

Абайдың реалистік эстетикасы Белинский мен Чернышевскийлердің эстетикасына үқсас, сабактас. Абай – өмірді тануда реалист, материалист. Ол айналадағы болмысты бірінші деп таныса, поэзия мен сананы соның айнасы деп үғынады. Өзінің «Отыз сегізінші сөзінде» ақын «өмір – ақырат» дейді. Демек, поэзияның мақсаты да өмірді суреттеу болуға тиіс. Әрине, Абай өмір күбылыстарын сол қалпында суреттеп қойған жоқ, оған саналы түрде сын қолдана отырып, диалектикалық арнада суреттеген. Сол үшін оның поэзиясының идеялық мазмұны көркемдік сапасымен тен түсті. Олай болса, Абай ескі дүниенің қайшылығын терең сынаған, поэзияны халық мақсатына құрал еткен терең ойлы ақын болды.

Реализмі. Абайдың реализмін екі сатыға болуге болады. Алғашқы сатысында Абай Пушкин реализміне дең қойып, өмір көріністерін түрлі жағынан дәл көрсетуге тырысады. Мұнда сынама-паздық сарын өлі жетілмеген. Екінші сатысында Абай капитализм қайшылығын көріп, бұқарашибалдық мінбесінен феодалдық және капиталистік қоғамның үлкен айыптаушысы, сыншысы, Салтыков-Щедрин тұлғасындағы үлкен сатирик ретіндегі көрінеді. Абай реализмінің осы екі сатысын атап айтуда қажет.

Ат суреті мен қыздың кескінін суреттеу реализмің баставасы болды. Ақынның тілі мен тенеулері халық үлгісінде жасалуымен бірге заттың, адамның портретін өмірдегідей жанды көрсетеді. Абай Пушкин поэзиясының үлгісімен («Жаз», «Қыс») табиғат суретін де жырлайды. Мұнда да айналадағы табиғаттың жанды суреті реалистік арнада суреттеледі. Сонымен бірге әлеуметтік өмірдің ішкі қайшылығын суреттеген бір олеңі – «Қараша жел». Мұнда ол бай баласы мен кедей баласы тұсындағы тап қайшылығын жақсы көре білген.

Байда мейір, жалшыда пейіл жоқ,  
Екеуін аңдастырган Құдайым-ай, –

деген жерде Абай екі таптың арасындағы қайшылықты айтып отыр. 1888 жылы жазған «Қыс» олеңінде Абай бұл қайшылықты

өлі толық тани қойған жок. «Күз» деген өлеңінде табиғат суретіндегі жыртық үй, жыртық киім, жыртық үйін жамаған кедейдің күзгі күнгі қоңылсіз күйін көрсетеді. Кейбір зерттеушілер Абайдың жыл мезгілдеріне қатысты осы өлеңдерін реализм түрғысынан емес, поэзиядағы новаторлық түрғысынан бағалайды. Дұрысында екі жағын қатар алу керек. Абайдан бұрын мұндай өлең қазақ поэзиясында болған емес.

Сатирасы. Абайдың реализмі бір деңгейде тұрып қалмай, үнемі дамып, терендей отырады. 1890 жылдар ішінде тап қайшылығы артып, Абайдың бұқарашибалдығы арта түсіп, заман болмысына наразылығы да күшійеді. Ол өзі шыққан таптың тар аясына сыймай, өлеуметтік өмір қайшылықтарын, ескіні де, жаңаны да бірдей аяусыз сынайды. Партиягершілік, екіжүзділік, зорлықшылдық, мансапқорлық, өзімшілдік, топастық секілді ұсақ мінездерді дәл тауып, қатты сынайды. Мұның басы паракорлық, зорлықшыл, болыс, би, аларман пысық, шабарманадар болады. Олардың бәрі – патша ұлықтарының тоңірегіндегі адамдар. Осында «жаңа» адамдар бейнесін көркем әдебиет кестесіне түсірген адам – Абай.

Өзінің «Сөүлең болса кеуденде» деген өлеңінде ақын ел ішінде тап алалығының күшійенін айтады. Болыс, ұлық – единица, оның ізіне ерген пысық, ку, аларман билер – нөл. Бұлардың екеуіне де жұрт еріп жарымайды дейді. Осы өлеңді бір кездері Абайдың халықты ұнатпағандығының белгісі деушілер де болды. Оларға қосылу қыын. Абай берекеті кеткен ел деп ұлықтарға жалғасқан либералдар ортасын айтады. Өйткені болыс, би, шабарман, кербездер сол жаңа байлардан шығады. Абайдың сатирасы да осы жаңа байларға бағышталған еді. Ол қазақ арасындағы ел талауши, кертарапта либерализмді сынайды. Қазақ әдебиетінде ел талауши болыс бейнесін жасау осы Абайдан басталады. «Мәз болады болысың» деген өлеңінде ақын патшаға сатылған жуаның топас, халыққа жау кескінін шенеп көрсетеді. «Болыс болдым, мінекей» деген келесі өлеңінде болыстың екіжүзділігі, халыққа көрсететін қиянаты өшкөреленеді. Сол арқылы Абай патша ұлықтарын сынға алады.

Ақынның болысқа байланысты өшкөрелейтін кейіпкерлерінің бірі – пысық пен шабарман. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» атты өлеңінде ол пысық мінезін былайша суреттейді:

Еңбегі жок, еркесіп,  
Бір шолақпен серкесіп,  
Пысық, деген ат шықты.  
Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жұз күбылған салт шықты.  
Пысық кім деп сұрасан –  
Қалаға шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Көргендерден үялмай.  
Сабырдан басқа сырды жок,  
Шаруага қыры жок,  
Өтірік, есек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
Ат-шапаның кем көрмес,  
Біреу атын қойса «ку».

Болыс та, пысық та – патша өкіметінің қол шоқпары, 1868 жылғы реформа тудырған типтер болатын. Пысықтардың озбырлығы мен опасыздығы ел түгіл болыстардың өзін де имендірген. өзінің «Жиырма бірінші сөзінде» Абай пысықтардың екі түрлі мінезін көрсетеді: бірі – мақтан, бірі – өтірік. «Мақтаншақ деген біреуі: «демесін» дейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрнешік не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді ұмытып кетеді»<sup>3</sup>.

Бұл тұста Абай бюрократияны, ұлықтарды сынаған Салтыков-Щедриннен тұрғылас. Либералдық буржуазия табынан шыққан ел талаушылар орыс халқының мәдениетін сыртекі қабылдады. Өздерінің мәдениетсіздігі жағынан орыс әдебиетіндегі простоквтарға елікtesе, талапсыздығы жағынан обломовтарға үқсайды. Еңбек қылмай, ел қорқытып наң жейді. Сырты – жуас, іші – қу. «Адақаның алды жөн» деген өлеңінде Абай осындағы кербездердің мәдениетке қырсаулығын сынайды.

Өзінің 18, 21, 23, 24, 26, 30, 39, 40 және 42 қарасөздерінде Абай капиталистік жағдай туғызған бәсекешілдік, күншілдік, алармандық, талапсыздық, екіжүзділік, ел талау сияқты ұсақ, кертартпа мінездерді сөз қылады. Салтыков-Щедриннің жазғанындей, өз әкесін малға сатып жіберушілік сияқты жағымсыз қылықтар – осылар.

<sup>3</sup> Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – А., 1986. – 116-б.

«Он сегізінші сөзінде» Абай кербездердің екі түрлі мінезін келтіреді. Оның бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мұшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзеп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап өүре болса, енді бірі атын, киімін, «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы жігіт атанбақ. Өзінен ілгерілерге елеулі болып, озі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгіге: «әттең, дүние-ай! Осылардың атындағы ат мініп, киіміндең киім кигенниң не арманы бар екен», – дейтін кербез типі. Өзімшілдік, ата-анадан мал төтті деу, бәсекешілдік, күншілдік, мақтан, отірік – бұлардың бөрі өзара жақын, тектес құбылыстар. Мақтан да, отірік те – еңбексіз дүние табудың амалы. Өзінің «Қырық бірінші сөзінде» Абай осы күншілдік мінезді қазақтың жамандыққа, үрлық, отірік, мақтанға, екіжүзділікке үйір болуын егін, сауда көсібінің жоқтығынан деп түсінеді. Мұның капиталистік құрылышпен бірге туған жана мінез екенін түсінбейді. Дегенмен біреудің арқасымен күн көріп жүрген пысықтардың халықты жейтінін, баюға салынған адамдар екенін дұрыс айтады. Кербездердің сырты «мәдениетті» болса да, іші прогресс пен жаңалыққа жау. Крыловтың «әншілер» атты мысалын Абай осылардың жалған мәдениетшілдігіне қарсы қолданады. Онда біреу көршісін қонаққа шақырып, балаларына нәрсіз өлең айтқызады. Қонақ жалынып, қойғызайын десе, үй иесі: «Менің балаларым өлеңді жаман айтса да, арақ ішпейді», – деп мақтанады. Осыған орай Абай:

Есі шықпай онан да ішкен артық,  
Кисыны жоқ қышқырған неткен тантық, –

дейді.

Бұлар – Абай жасаған образдар. Осының өзінде терең сынам-паздық, реализм сарыны бар. Ол сатираға айналған. Ұлық, болыс, шабармандар мінезін Абай қатты сынайды. Оның сатирасы – реализмнің биік шыңы. Уstem тап өкілдерін сынай арқылы ақын төменгі бұхараның саңылауын ашты, оларды феодалдық, капиталистік қанауға қарсы бағыттады. Поэзияны әлеуметтік мәселе-ге құрал етті. Абай поэзиясындағы сатира көбіне психологиялық кескін (портрет) жасау негізінде өрбіген. Ол адамның сыртқы пішінін ішкі мінімен қатар көрсетеді. Этикаға көбірек мән берген-

діктен, ақын адам мінезін тап куресі емес, білім арқылы түзетемін деп ойлаған. Ал капитализм негізін өзгертпеген жерде адам мінезін түзеу мүмкін емес еді.

Абайдың этикасы оның сатирасының ғибраты мен қорытындысынан да көрінеді. Ол адамның жанды кескінін суреттей отырып, өз тарапынан ғибрат ой айтады. Осы өдіс Абай сатирасын қалың бұхарага үфымды еткен. Ақын бұхараның көзін де, көңлін де ашқан.

Абай сатирасының бір күрделі саласы оның 1898 жылы Крыловтан аударған мысалдарына байланысты. Бұл мысалдарды Абай сатираға әбден ден қойып, сол жаңрға қуат беру мақсатында аударған. Бұл кезге дейін Абай болыс, пысықтар бейнесін жасап, оларға ашық сын қолданса, кейінгі кезде, оған қарсы бағытталған тартыстар салдарынан, бұрынғыша ашық сын айтуға болмай қалады. Үзеде Абайдың үстінен түскен шағымдар көбейді. Осындай жағдайда ол өзінің сатирасын бұркемелеп айтуға мәжбүр болады. Осы орайда, ақын Крылов мысалдарын өзіне жақсы құрал етеді. Абай Крыловтың ғибрат рухындағы мысалдарын емес, сатиralық өлеңдерін алады (мысалы, «Қазаға ұшыраған қара шекпен», «Жарлы бай», «Ала қойлар»). Сол арқылы XIX ғасырдың аяғында капитализм туғызған әлеуметтік жағдайды сын семсеріне алады. Өзінің сынамаздық өдісін тереңдету мақсатымен жазылған «Жарлы бай» мысалында ақын патша ұлықтарының баю психологиясын суреттейді. «Қазаға ұшыраған қара шекпен» де осы орайда туған табалау, күнdestіk мінездерді сынауға арналған. Бұл – Абай заманының шындығына үйлесімді құбылыс. «Өншілер» атты өлеңінде мәдениет көртартпалығы суреттелсе, «Есек» мысалында жаңа байылдар мен мал арқасында болыс болғандар сыналады. «Қарға мен тұлқі», «Піл мен қанден», «Бака мен өгіз» мысалдарында болысқа, ұлыққа еліктеген, ұсақ жыртқыш, пысық, қу, кербездердің іс-әрекеттері сыналып, өшкеленеді. Бұлардың бәрі – халыққа жат адамдар.

Абай мысалдарына ұнамды және ұнамсыз бейнелер бір-біріне қарсы қойылған. Осының өзі халықтың таптық санасын оятуға, оларға әлеуметтік тұрмысты танытуға құшті құрал болған. Абай мысалдарының тақырыбы күнделікті өмір шындығын сынауға құрылса, тілі мейлінше улы, ашы, үфымды. Ақын мысалдарын бұхара халық үшін түсінікті етіп жазған. Сондықтан кейде

Крылов мысалдарын жолма-жол аудармай, көбіне мазмұнын, сюжетін ғана алады. Екінің бірінде мысалдың алды немесе артынан түсінік берсе, соңынан ғибратын қосады.

Абай мысал сөзін ұзартпай, мағынасын өткір тілмен береді. Айтайдын деген ойы да айқын. Оның Крыловтан алған мысалдары қазақ әдебиетінде сатира жанрының жасалуына жол ашты. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының бір арнасы осы Абайдан басталатын сатирашылдық болды. Ақынның образдары да жаңа. Олардың әлеуметтік орны, психологиясы сол кездегі қазақ ауылының шындығынан алынғандықтан, мұның өзі Абай реализмінің құнды буыны болды. Өйткені ақын бұхара халықтың қозқарасымен патша ұлыктарының озбырлығын көрсетеді. «Емен мен шілік» деген мысалы ғибратқа құрылған. Мұнда Абай шілік бейнесі арқылы кішіпейілділікті үндейді және мақтап қуған буржуазия тобындағы адамдардың мінез-құлқын айтпақ болады. Ақынның бұл сатирасы Ыбырайдың «Екі шыбын», «Егіннің бастиры» деген мысалдарымен түрфылас.

«Ала қойларда» Абай үлкен әлеуметтік қайшылықты сөз етсе, «Емен мен шілік» тұсында өмір тереңіне бойламай-ақ, жай мінез-құлық кемшілігі айналасында қалады. Ыбырай мысалдағының да негізгі қасиеті осы болатын. Онда да сатирадан горі ғибрат, этика, жаңалыққа шақыру сарыны күшті. Сатира, өмір қайшылығын ашу, одан безіну жеткілікті түрде танылмаған. Абай өмірге аңы сын қолдана отырып, жанды да зәрлі, өткір тілмен, көбіне 7 буынды өлшеумен жазған. «Қарға мен тулкі» өлеңіндегі «Ірімшік жерге салп етті, тап етті, шап етті, ап кетті» деген жолдар мысалды жандандырып, күшайте түседі.

Романтизмі. Абай өзінің реализмін сатира дәрежесінә жеткізп, қазақтың Салтыков-Щедрині болды. Ол өмір қайшылығын терең сынап, нақты адамдар бейнесін жасады. Бір кездері М. Сильченко өзінің «Абайдың реализмі» («Әдебиет майданы». – №11-12. – 1934) деген мақаласында ақынның романтизм рухындағы өлеңдерін пессимизм белгісі деп сынаржақ бағалағаны бар. Кейін жарық көрген «Абай» (1945) атты жинағында зерттеуші бұл пікірін өзгертіп, Абайды Лермонтов романтизмі болды дейді. Осы кезге дейін зерттеушілер Абайдың романтизмін бөліп айта бермейді. Оның поэзиясына лирика деп тұтас алып қарайды. Енді біреулері Абайдың романтизмін мойындасақ, онда реализмі-

не нүқсан келтіреміз дейді. Дұрысында Абай поэзиясының күшті бір буыны осы романтизмге байланысты. 1895 жылы Абай философияда материализмге, поэзияда сатираға келген соң екі өмірге қатал сын қолданса, енді сол дүниеге сыймай жаңа өлем іздейді. Қажырлы да қайратты адамдар бейнесін жырлай бастайды.

Абайдың романтизм рухындағы поэзиясын түсіну үшін романтизмнің өзіне де тоқталу қажет. Жалпы романтизм деп әлеуметтік өмір құбылыстарымен келісе алмаған адамның субъективтік қиялға салынуын айтсақ керек. Оның да кертартпа және озат түрлері болады. М. Горький соның бірін пассив, екіншісін актив романтизм деген. Кертартпа романтизм революциялық қымылдан үркіп, тілекті о дүниеден, мистика – діннен іздейді. Актив романтизм болса, адамды ескі болмыс пен тұрмысқа қарсы куреске шақырады. Мұны озат идеялы романтизм дейміз. Бұлар адам идеалын болашақтан іздейді.

Романтизм ізіндегі ақындар болмысқа наразы болғандықтан, өзінің ішкі сезімін көбірек жырлайды. Олар поэзия күльтін асыра көтеріп, қиялға салынады. Ойын жұмбақтап, тілін мейлінше образдап, эпитет, метафоралармен жазады. Ирі тұлғаларды күшті сезіммен жырлайды. Байрон капитализм болмысынан жеріп, сұлу әйел, көшпелі елдер тұрмысын, табиғатты көбірек жырлаған. Оның астарында адамның бас азаттығы идеясы жатады. Лермонтовтың «Демон», «Мцыри» сияқты поэмаларының қаһармандары да – болмыстан жеріген күрес адамдары. Романтизм поэзиясы өмір шындығын суреттемейді, тек өшкөрелейді. Сондықтан үлкен романтикерде сатира элементі де елеулі болады.

Қазақ поэзиясында өміршіл, дауылпаз романтизмнің өкілі – Абай болды. Оның романтизмі 1890 жылдан бастап күш алады. «Жалау», «Жартас», «Асая той, тентек жиын, опыр-топыр», «Дұға», «Тұтқындағы батыр», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Теректің сыйы», «Күлімсіреп аспан тұр», «Махаббат, достық қылуға», «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да», «Көңілдің күйі тағы да» сияқты өлеңдері, махаббат жайындағы жырлары, философиялық мазмұндағы басқа да өлеңдері романтизм рухында жазылған. Кейбіреулері Лермонтовтан аударылып, еркін жырланған. Бұл өлеңдерінде Абай өзінің дүниеге сыймаған дауылпаздық рухы мен сезімін, мұң-зарын ашады. Оның поэзиясының бір

күшті арнасы осында. өйткені бұл шығармаларының құдіреті мен қуаты тас бұзып, тау шайқайды.

Абайдың романтизмі махаббат сезімін жырлаудан басталаады. Бірақ онда адамның азаттық идеясы алға қойылған (мысалы, «Татьянаның хаты», «Айттым сөлем, қалам қас», «Қызырып, сұрланып», «Көзімнің қарасы», т.б.).

«Татьянаның Онегинге жазған хаты» адамның азаттығын, еркін махаббатын дәріптеуі жағынан қазақ даласы үшін нағыз романтика болды. Абайдан бұрынғы әдебиетте, осіресе Ақан серіде махаббат тақырыбы азаттылдық, гуманизм түрғысында жырлана бермейді. Олардың жырлайтын махаббаты өмір көрінісінен туады. Ал Абай поэзиясындағы махаббат сарыны ескі дүниеге наразылықтан туып, азаттық, гуманизм арқауымен тоқылады. «Айттым сөлем, Қаламқас» өлеңінде қыз жігітке өзінің тең праволы махаббатын қарсы қояды. Абайда қыз сезімі бірінші орынға шығады. Бұл романтизм арқылы адамның азаттығын көксеу идеясы еді. Романтизмнің бір белгісі – ақынның ішкі дүниесін асыра жырлауы болып саналады. Абайда ақындық арын мен поэзияны жырлаған өлеңдер көп. Олар Абай лирикасының ең көркемдері. «Адамның қейір кездері», «Өзгеге көңілім тоярсын», «Қокала бұлт согіліп» деген өлеңдері дүниеге наразы болып бұлқынған, тулаған ақынның жан дүниесін ұлғайтып көрсетеді.

Өзгеге көңілім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дерпті жоярсың, –

деген жерде ақынның сырласатыны өлең:

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?  
Босқа әуре қылмай, пынынды айт.  
Шарқ үршіп, тыныштық бермейсің,  
Сырласалық, бермен қайт, –

деген тұста ақын өз жүргегімен сырласады. Ол өзінің ішкі дүниесін ұлғайтып, сыртқы дүниеге қарсы қояды. Бұл – романтикалық сарын. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген өлеңін-

де де ақын өзінің ішкі қуатты сезімін әсерлі образben білдіреді. Бұл қарама-қарсылық – екі дүниенің тартысы. Ақын мен болмыс арасындағы қайшылық суреті, пессимизм емес, ескілікпен куреске түскен ақынның батырлық рухы. Ол ескі дүниемен келісе алмағандықтан, жалғызырайды. Жаңаның кескіні оған анық емес. Жабығу Абайды өршілдікке, ізденімпаздыққа, куреске айдағап салады.

Өлімнің үйкісі емес іздегенім,  
Үйкі, тыныштық, ұмыту – бер дегенім.  
Көкірегімде өмірдің күш тұрып,  
Іздеймін демалысты үзбегенін, –

деген Абай өз ішіндегі асаулықпен күресіп, бір сәт тыным алуға да зар, іздегені – өмір, күрес. Ақынның бірсыыпра романтикалық өлеңдерінде тыныштыққа қарсы дауыл іздеген рухы суреттеледі.

«Жалғыз жалау жалтылдап», «Дүға», «Жартас» деген аударма өлеңдерінде үміт пен болмыстың арасындағы тартыс жырланады. Оларда ескі дүниеге сыймау, азаттық іздеу сарыны бар. Ақын сол арманың бүлдүр образben символдан айтады. Абайдың романтикалық образдарының бірі – тұтқындағы батыр, асау адамдар бейнесі. «Қаранғы үй терезесі – тұтқын орны» деген өлеңінде Абай күрес жолына түскен батыр образын суреттейді. өзі бұғауда отырса да, оның ойлағаны қан майдан, откір қылыш, дулыға, арманы – азаттық. Бұл образдардың қуаты сұрапыл. Ал ескі дүниеге кектенген адамның бейнесі бұдан да сұсты:

Асау той, тентек жиын, опыр-топыр,  
Ішінде түсі сұық бір жан отыр.  
Алысты тұмандаган ой ойлады,  
Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр.

Бұл тұста Абай ескіден безіп, жаңаның жағасын көре алмай булығады. «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» дейтіні сол. Ақын қаншама күйзеліп, қалжыраса да, өзін күрес пен еңбектен алыс үстамайды.

Өзіңе сенбе, жас ойшыл,  
Тіл өнері дерптеп тең.

Көңілдің жүгін қиял қыл,  
Ызага тұтқын бойың – зен.

Қасиет тұтып, ойға ұмтыл,  
Қан қайнаң, қуат егілсін!  
Онан гөрі еңбек қыл,  
Улы сусын төгілсін!

Абайдың философиялық лирикалары да романтизм рухында жазылған. «Көк тұман алдындағы келер заман», «Жолға шықтым, бір жым-жырт тұнде жалғыз» олеңдерінде Абай өмір, қоғам қайшылғын түйініп, соған философиялық ем іздемек болады.

Дастандары. Абайдың лирикасы көп болса да, сюжетті дастандары аз. Лермонтовтың «Демон», «Вадим» сияқты поэмаларынан үзінділер аударған. «Мың бір тұннен» – «әзім», шығыс сюжеттерінен «Масғұт», «Ескендеріді» жырлайды. Бұл поэмаларда Абайдың халықтық идеясы нығая түсken. «Масғұт» поэмасында үш түсті (ақ-сары-қызыл) алма алынған. Осы алмалар бейнесі арқылы Абай өмірдің қозғаушы құші, үйітқысы, қызығы бұқара халық екенін аңғартады. Ақынның пікірінше, ақылдың өзінде де қайшылық бар. Ол біреуге ұнаса, біреуге ұнамайды. Байлықтың қайшылығы одан да елеулі, ол теңсіздік тудырады. Қайшылығы жоқ орта – бұқара халық, қызыл алма – соның символы.

Поэма философиялық рухта жазылса да, Абайдың өз заманына қолданған сынмен аяқталады. Онда екі жақтылық бар. Бір жағынан, Абай өз заманындағы феодалдық және капиталистік болмысты сынаса, екінші жағынан, сол болмыстың стихиясына хан мен уәзірді бас игізеді, ымыраластырады. Сол арқылы капиталистік қоғам қандай болса, оның ұлығы мен патшасы да сондай деген ойды айтады.

Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Болмаса тұрмас едім осы маңда, –

деген жолдар Абайдың сол ескі болмыстан жерігендігін көрсетеді.

«Масғұт» – философиялық поэма. Оның негізгі тақырыбы жай ғана маҳаббат емес, өлеуметтік өмірдің қайшылығы. «Ес-

кендір» поэмасында Абай ел билеуші патшалар бейнесін мұнан да откірлеу сынайды. Низами Ескендерді өділ патша ретінде суреттесе, Абай оны баққұмар, көзі тар, ел жаулағыш зұлым патша деп жырлайды. Дүниенің төрт бүрышын жаулап алса да, оған бәрі аз көрінеді. Ақын Ескендерге Аристотель сияқты ойшыл бейнені қарсы қояды. Сейтіп, осы бейнелер арқылы патша өкіметінің отаршылдық, ел талауышы саясатын сынға алады. «Әзім әңгімесі» поэмасында Абай өз дөүрінің капиталистік жолмен баю психологиясынан туған жалған мінезін топышылады. Оның сырты жылтыр да, іші қуыс демекші. Бұл үш поэмандың реалистік ерекшелігі қазақ болмысын дәл суреттеуінде емес, көлденең образ арқылы сынауында.

Абай тарих әдебиетінде сюжетті поэмандың үлгісін жасады. Тарихи адамдар бейнесі айқын, идеясы анық, тілі көркем, үғымды, философиялық түйіні замана сынымен байланысты.

Ағартушылығы. Шоқан орысша оқытуды үндесе, Абай да осы бағытта көрінеді. Ол қоғамның алға басуының кілті – окуағарту, халықтың ой-санасын жетілдіру, мәдениетке шақыру деп білген. Сөйтіп, ғылым мен білімді үндеу арқылы халық санасын оятпақ болады. Оның ағартушылық идеясы халықтың тәуелсіз болып дамуын көздейді. Ақын осы білім арқылы екі жақты қанауға түсken шаруаның санасын үstem тап езгісінен тәуелсіз етпек болады. өзінің «Отыз сегізінші сөзінде» Абай: «Біз ғылымды сатып, мал ізdemек емеспіз. Мал бірлөn ғылым көсіп қылмақпыш. онер – өзі де мал, онерді үйренбек – өзі де ихсан. Бірақ ол онер ғадалеттан шықпасын, шарғыға муафих болсын. Адамға халінше ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Молдалар тұра тұрсын, хұсусан бұл замананың ишандарына бек сақ болындар. Олар – фитнө ғалым, бұлардан залалдан басқа еш нәрсе шықпайды»<sup>4</sup>, – дейді.

Мұндағы «ихсан» – тәуелсіз болу, үstem таптың ықпалына түспеу деген сөз. Чернышевский тарихтың қозғаушы күші халық десе, Абай да осы пікірге бейім. Бірақ ол көпшілікті ағартушылық идея арқылы тәуелсіз етпек. Кейде ақын саналы адамдарды тарихтың жетекшісі деп тым асыра бағалайды. Бірақ саналы

<sup>4</sup> Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – А., 1986. –150-б.

адамдары көпке қарсы қойса да, заманға қарсы қоймайды. «Адам баласын заман осіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бөрі виноват»<sup>5</sup>, – деген ойын осылай түсіну керек.

«Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бөрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көpte, бірақ қызықта, ермек те копте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?» – деген жерде Абай саналы адам бейнесін халық ортасымен байланыстырады. Сөйтіп, ақынның саналы адамы халыққа қызметші, көпке бағынышты болып шығады. Одан әрі ақын прогресс орнаса жамандық жойылып, өділет орнайды дейді. Бұл – ескінің жойылып, жаңаңың жасалатының түсінген диалектикалық ұфым. Абай өзгерісті санадан бастаса да, прогрестің қажеттігін түсінеді. Абайдың ағартушылық идеясының бір сипаты осында.

Оқу-ағарту ісіне Абай халықтың принципті жақтайды. Ол пікірлері мынаған саяды:

1) дін иелері мен байлар ғылым-білімді басында «күдай есесіне салған» адамдар, яғни үстем тап өкілдерінің балалары ғана ала алады. Құдай есесіне салмаған кедейлер еш нәрсе ала алмайды десе, Абай білім алу ешкімнің дәuletіне, туысина қарамай, жүрттың бәріне бірдей болсын дейді. Діншілдер ғылымды тек Алланы тану жолы десе, Абай өмір шындығын тану құралы дейді. Өзінің «Отыз сегізінші сезінде» ғылымды діннен төуелсіз етеді;

2) байлар мен бектер ғылым дүние танудың, ұлық, өкімі болудың құралы деп білсе, Абай ғылымды тек білмек үшін, адамшылық қарызы үшін оқу керек дейді. «Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Жұз тұра жолдағыларды шатастыруши кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!»<sup>6</sup> – деген тұста ақын ел қанау үшін білім алған адам қиянатшыл болады деген ұфымды аңғартады;

3) ғылым күрес пен тартыс құралы болуы керек;

4) «Қырық бірінші сезінде» Абай ғылымды балаға өуелі зорлап үйрету керек. Содан соң махаббатын ояту қажет дейді;

5) ғылымға деген махаббат адамның адамгершілігін осіреді. Ондай адам өзі үшін емес, адамгершілік қарызы үшін қызмет атқа-

<sup>5</sup> Сонда, 135-бет.

<sup>6</sup> Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. 2-том. – А., 1986. – 129-б.

рады. Өзі үшін еңбек етсе, онда өзі үшін оттаған малдың бірі ғана;

6) Абай жаман істен сақтанып, естіп білгендерін жасаған адамды жоғары бағалайды.

Міне, осы секілді пікірлері арқылы Абай ғылымды, саналы адамды прогрессе қызмет істеуге шақырады.

**Философиясы.** Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің жазылған жылдары толық анықталмаған. Дегенмен оның өмірге, қоғамға деген көзқарасын анықтауға болады. Абайдың өлеумет-тік-философиялық көзқарастары туралы әртүрлі пікірлер болды. Біреулер оны түгелдей идеалист санаса, екіншілері оның көзқара-сында материализм үріғы да болады десті.

Абайдың қай кезеңде, дәл қай шығармасынан бастап материалистік танымға келгенін анықтау қын. Бірақ көптеген өлеңдері мен қара сөздерінің арқауы осы материалистік үғымға негізделген. Мысалы, «Қырық үшінші сөзінде» Абайдың материализмді біршама түсінгенін байқаймыз. Ал «Жетінші сөзінде» ол тәннен жанды артық бағалаған еді. 1898 жыл Абайдың философиялық көзқарасының айрықша бір көмелетке жеткен кезеңі ме дейміз. Дәл осы жылы ол Крыловтан он бір мысал аударып, үлкен сатираға келеді. Сол тұста ислам дінінің кертарапалығын да қатты сынайды. Осы кезеңде оның философиялық ойлары да өзінің шарықтау шегіне жеткен сияқты.

«Лай суға май бітпес» деген өлеңінде Абай құдайдың барлығына күмәнданып, оймен білген нәрсенің бәрі дағы (дінсіздік) дейді де, дүние ійлген жақ, адам Құдайға қайтып барады дейтін үғымға келеді. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» атты өлеңінде ақын жан мен тәнді бөліп, тән өледі, жан өлмейді дейді.

«Қырық үшінші сөзінде» Абай жан мен тәнді тұтас түсініп, адам дүниені бес сезім арқылы танып біледі дейтін үғымға келеді: «Адам үғлы екі нәрсе бірлөн: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсыбірі жибили, қайсыбірі кәсіби оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы жибили, үйықтамақ та соған ұқсайды... Ақыл, ғылым – бұлар кәсіби. Көзбен коріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады».

Мұнда Абай сырттағы дүниені бес сезім арқылы танимыз деп материалистік үғымды алғашқы орынға, сананы (ақыл, ғылым)

екінші орынға қояды. Сөйтіп, жан мен тән бірлігін мойындаиды. Сананы жибили деп танушыларға қарсы тұрып: «Кейбіреулер айтады: ақыл жибили болмаса да, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты. Талабы жоқ кісі таба алмады – дейді. – О да бекер»<sup>7</sup>, – дейді Абай. Мұнда екі түрлі идеалистік бағыт сынанлған. Бірі – ақылды алғашқы дейтін жүйе, екіншісі – талапты Құдайдан келген сый деп түсінетін ұғым. Балалар мен молдалар ақыл, талап, байлық, кедейлік, құлдық, бектік – тағдырдан, Төңірден келген жазмыш. Ол өркімнің маңдайына жазылған. Біреуді Құдай қожалық етуге жазса, басқаларын құлдыққа жазған. Сондықтан бұл дүниеден теңдік аламын деп талпынуға болмайды деген. Абай осы идеализмге қарсы тұрып, ақыл да, талап та адамның өз табиғатына байланысты дейді.

Абай философиясының қазығы – дүниені таныған, ой-санасы жетілген күрес адамы. Әрбір іс прогрессе, халыққа қызмет істесе ғана пайдалы деген жерде Абай тағы да материалистік ұғымды ағартушылық идеяға құрал етіп, халықты өмір тартысына қайрап салмақ болады. Бұдан көретініміз: Абай сыртқы дүниені, табиғатты тануда материалист, бірақ оның материализмі өлі идеализм шеңберінен ұзап кетпеген. Мысалы, «Он жетінші қара сөзіндө» ақын жүрек, қайрат, ақыл үшегүін ғылымға жүгіндіреді. Сезімді ақыл мен қайраттан жоғары үстайды. Сонда оның дүние тануы а) сезім (жүрек), ө) ақыл-қайрат, б) ғылым болып жіктеледі. Дүниені танудың алғашқы құралы ретінде сезімді алғып, ақылды екінші орынға қоюы материалистік жүйе болса да, адам санасының өлшеуі – ғылым дегені идеалистік ұғым. Ғылымға үлкен мән берген Абай ақылдан ғылымды жоғары деп түсінген. Бірақ ақылдан қашса да, соған ғылым арқылы қайта оралады. Сөйтіп, Абай дүние мен табиғатты материалистік негізде түсінсе де, таным теориясында рационалист.

Абайда диалектика элементі де бар. Бірақ онысы эволюция түрғысында қалған пікір. Оған ақынның: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» (37-сөзі), – деген пікірі

<sup>7</sup> Абай. Екі томдық шыгармалар жинағы. 2-том. – А., 1986. – 161-б.

де дәлел. Мұнда өмірдің өтпелілігі айтылса, сапалық өзгеріс жок, бір ғана сандық көрсеткіш бар.

Сонымен, Абайдың философиялық пікірлерінде материализм үрығы мен идеализм сарыны қатар жүр, олар жіктеліп, жүйеленбegen. Мұның өзі Абай көзқарасындағы заман таңбасы еді.

Абай Құнанбаевтың XIX ғасырдағы қазақ өдебетіндегі қызметі орасан зор. Ол халық тілімен жаңа реалистік өдебиеттің негізін қалады. Әдебиетті қоғамдық өмірдің прогрессивтік талаптарына құрал ете білді. Өмір шындығын терең қамтып, оның қайшылығын көрсетіп берді. Халық өмірін поэзия кестесіне түсіріп, коркем өдебиетте жаңа образдар галереясын жасады. Феодалдар мен байлар бейнесін Абайша көрсеткен ақындар көп емес. Осындай ұнамсыз образдармен қабат Абай ұнамды бейнелер де жасаған. Азатшыл Татьяна, хан қолындағы қызы бейнесі, қызы бен жігіттің жанды сезімі Абай поэмаларындағы халық образына жатады. Ал өлін білмейтін бақа, піл мен қанден, арыстан, тұлқі, аюлар – қазақ өмірінен алынған типтер. Жалқау шегіртке мен еңбекші құмырсқаның бейнелері де халық көзқарасымен жасалғаны айқын.

Өзінің поэзиясына Абай халық тілін негізгі құрал етеді. Соңдықтан біз оны қазақтың жаңа жазба өдебиетінің жыл құсы дейміз. Әлеуметтік көзқарасы жағынан Абай үлкен ағартушы-демократ болды. Ол ескіліктің қай түрін болса да сынға алып, халықтар достығы идеясын жақтайды, прогрессе бастайды.

1845-1904 ж.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМУНЫ**

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны .....	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны .....	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында .....	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері .....	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны .....	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны .....	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы .....	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты» .....	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында .....	213
Омаров I. Ата сөзі .....	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев .....	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
II том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8549**

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.  
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.